Тайынша таңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 12 (979) 15 наурыз 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany | http://tainshatany.kz | tainsha_tan@list.ru

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Мемлекетімізде гендерлік саясат жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі функциясы – отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты "Қазақстан Республикасындағы Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы" деп аталатын кешенді мемлекеттік саясатты жүйелі түрде іске асыру. Тұжырымдамада "Гендерлік саясат саласындағы қол жеткізілген нәтижелер мен проблемалар", "Халықаралық тәжірибені шолу", "Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясатты дамытудың пайымы", "Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері", "Нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер", "Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары" деп аталатын тақырыптар қамтылады. Бұл салалар бойынша отбасы институтын және құндылықтарын нығайту, отбасыларды әлеуметтік қолдау, ерлер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл, гендерлік теңдік институтын нығайту, әйелдердің саяси және басқарушылық ұстанымдарын қолдау сынды көптеген мәселелерді шешудің жолдары жан-жақты қарастырылған. Қазақстандықтардың көпшілігі үшін отбасы – маңызды құндылық. Ата-аналардың дені балаларымен барынша көп уақыт өткізуге ұмтылады. Мысалы, "Отбасылық-демографиялық саясат" сауалнамасының 2023 жылғы деректеріне сүйенсек, ата-аналардың 50,3 пайызы тұрақты түрде балалардың қасында болады екен. 32,7 пайызы әрбір күнді, 8,3 пайызы әр демалыс және мереке күндерін бірге өткізуге тырысады және тек 0,4 пайызы бос уақытын ешқашан балаларымен өткізбейтіндігі анықталған. Балалардың көпшілігі ата-аналарымен өздерінің қызығушылықтарын талқылайтынын, отбасымен араласқанды ұнататынын жасырмаса, тек 2,3 пайызы туған-туыстарымен өзара түсініспеушілік бар екенін айтқан. Жаппай сауалнама деректері ерлердің балаларымен өзара қарым-қатынасының деңгейі төмен екендігін көрсетті. "Отбасылық-демографиялық саясаттың" зерттеулері бойынша, отбасылардың 38,15 пайызында аналары балалармен бірге уақыт өткізеді, 40,2 пайызында әкесі мен анасы бірге қатысады, 2,1 пайызында әкелердің баласымен қарым-қатынас жасауы төмен. "Қазақстан Республикасындағы Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы" кезең-кезеңімен жүзеге асырылғанда көптеген нәтижелерге қол жеткізілетін болады. Халықтың репродуктивті денсаулық саласындағы хабары артады. Балаларды тәрбиелеуге тартылған әкелер көбейеді, өмірде қиын жағдайға тап болған отбасыларды анықтау және оларға көмек көрсету жеделдігі ұлғаяды, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталанған жағдайларының саны азаяды, кәсіпкерлік саласында әйелдердің қаржылық сауаттылығы артады, биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда шешімдер қабылдау үдерісіне тартылған әйелдердің үлесі өседі.Гендерлік теңдікті жұртшылықтың көбі "әйелдің билікке таласуы" деп қабылдайды. Сонда да, "бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеген" мұндай әйелдерге "берекелі отбасында әйелі ерінен бір саты төмен тұруы керек" деп санайтын қоғам үрке қарайды. Алайда гендерлік саясаттың әйелдерді билік басына әкелумен ғана шектелмейтінін әрбір қоғам мүшесі білуі тиіс. Оның басты мақсаты – нәзік жандардың құқығын қорғау. Гендерлік теңдік деңгейі жоғарылаған сайын, отбасы мүшелерінің әрқайсысының тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік-тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындауда жауапкершілігі, тепе-теңдігі де жоғары болатынын түсінуге тиіспіз. Гендерлік мәселені шешу – өңірлік өлшем бойынша еліміздің сыртқы саясаттағы басымдықтарының бірі", – деген Президент Қазақстанның "Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл коалициясы" және "Экономикалық әділдік пен құқық жөніндегі іс-қимыл коалициясы" сияқты екі серіктес бірлестікке қосылатынын мәлімдеді. Бұл – мемлекетіміздің бірқатар міндеттеме қабылдағанын білдіреді. Президенттің тапсырмасымен отбасы және гендерлік саясат туралы қабылданған жаңа тұжырымда әйелдердің өзін-өзі дамытуына мол мүмкіндік беруге бағыттаған. Бұл бастама қоғам тарапынан үлкен қолдау табуда. Себебі, әрбір әйел өз отбасында бақытты, қызметінде табысты, қоғамда белсенді болуға лайықты.

Гүлмира ӘУБӘКІРОВА,
М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың "Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер" кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

ӨМІРДЕГІ БАРЛЫҚ ҚҰТ-БЕРЕКЕ АНА ЖҮРЕГІНЕН БАСТАУ АЛАДЫ

Әсемдік пен әдеміліктің, сұлулықтың символы көктемнің ең әсем мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесінің қашан да орны ерекше, мәні бөлек.Өйткені, жер бетіндегі жақсылық, ізгілік пен ұлылық атаулының бәрі де ананың ақ сүті мен ақ ниетінен тарайды.

Ана - жарқын істердің бастаушысы, ырыс пен ынтымақтың алтын діңгегі.

Тайынша аудандық мәдениет Үйінде 8- наурыз Аналар мерекесіне арналған мерекелік салтанатты іс-шара өтті.

Салтанатты жиынға аудандағы ақ жаулықты ардагер аналар, ауданның Құрметті азаматтары, әр салада жемісті еңбек етіп жүрген әйел- азаматшалар қатысты.

Мерекелік жиынға аудан әкімі Б.А.Әлжанов қатысып, құттықтау сөз сөйледі. «Өмірдегі барлық құт-береке ана жүрегінен бастау алады. Сіздердің бойларыңызда нәзіктік пен сұлулық, ақыл мен парасат, төзімділік сияқты қасиеттер қашан да үндесіп, үйлесіп жатады. Біз, сол үшін де Сіздердің алдарыңызда әрқашан бас иеміз. Еліміздің өркендеуі мен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында нәзік жандардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының үлесі жатыр. Еңбегімен сыйлы, парасатты мінезімен халқына құрметті болған аналарымыз да аз емес. Олардың қатарында жанға дауа болар - дәрігерлер, ұрпақ тәрбиелеген - ұстаздар, ел экономикасын еселеп жүрген - кәсіпкерлер, бейнетінің зейнетін көріп отырған ардагерлер, өндірістің өрісін ашып отырған – еңбеккерлер де бар. Тайынша ауданының қыз-келіншектері қашан да еселі еңбектің алдынғы қатарынан көрініп, ел құрметіне бөленіп, жоғарғы марапаттарға ие болуда. Олар біздің мақтаныштарымыз», - деген аудан басшысы ақ жаулықты аналарды, аяулы арулар мен қыз-келіншектерді мерекемен құттықтап, дендеріне саулық, отбастарына амандық, көңілдерінің көтеріңкі болуына тілек білдірді.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлестерін қосып, үздік жетістіктерге жетіп жүрген бір топ азаматшалар ауданға сіңірген еңбегі үшін, мерекелік медалдармен, Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталды. Олар: Халықаралық әйелдер күніне орай адал еңбегі және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасымен Тайынша ауданы Теңдік ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы – бас бухгалтері Ахмерова Кульнара Жұмабекқызы марапатталса, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен Алабота ауылдық округінің ветеринариялық пунктінің ветеринар дәрігері Козловская Оксана Чеславовна наградталды. Тайынша ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі, қоғамдық өмірге белсенді қатысқаны үшін және Халықаралық әйелдер күнін мерекелеу құрметіне орай- Тайынша ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен "ТамызАгроИнвест" ЖШС тұқым өсірушісі Баранова Елена Николаевна, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазынашылық департаменті Тайынша аудандық қазынашылық басқармасының хатшысы Ахметова Дана Қайыргелдиевна, Киров ауылының медициналық пунктінің фельдшері Туребекова Рауза Асауовна, "EMC Agro" ЖШС репродукторлық фермасының репродукторлық учаскесінің аға операторы Кистнер Ирина Климентьевна, Ұлттық сараптама орталығы филиалының Тайынша аудандық бөлімшесінің бастығы Евтушенко Ольга Александровна, «Элеватор Тайынша» ЖШС заңгері Науменко Юлия Ивановна марапатталады. Тайынша ауданы әкімінің Алғыс хатымен Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының Тайынша ауданы Халыққа қызмет көрсету бөлімінің жетекші маманы Юлия Алексеевна Аймағанова, "Зеленогай орта мектебі" КММ бастауыш сынып мұғалімі Нелья Францевна Бурковская, "Астық-Стем" ЖШС операторы Венера Хабибуловна Әжібаева, СҚО Тайынша ауданы полиция бөлімінің тергеу бөлімшесінің тергеушісі Шмидт Дарья Николаевна, "Надежда" интернат үйі директорының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Алексеева Елена Геннадьевна, "GCK Taynsha Astyk" ЖШС орталық қоймасының қызметкері Лент Алена Александровна марапатталды.

Салтанатты шарада "Еңбек ардагері" медалі Нұрғалиева Раулия Ислямқызына, Шаповалова Вера Васильевнаға, Утельбаева Балкия Сәрсенбайқызына табысталды.

Аудан әкімінің атынан залға жиналған барлық аналар мен қыз-келіншектерге алқызыл гүлдер тарту етілді. Көктемнің көрікті мерекесінде аналардың көңілдері шаттық пен қуанышқа, құшақтары гүлге толды. Мерекелік шарада Петропавл қаласынан елімізге танымал әнші – биші, өнерпаздары келіп, өз өнерлерін көрсетті. Мерекелік шараның шырайын ашып, көпшіліктің ықыласына бөленді. Мың бұрала би билеген бишілері мен әсем үнді әншілері әуелете ән шырқап, көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Түйін: *Өмірдің мәні де, тіршіліктің сәні де – әйел. Нәзік жандар – тіршіліктің тамыры, шаңырақтың ұйытқысы. Сондықтан әйел затының қоғамдағы, адамзат өміріндегі орны мен рөлі ерекше дер едім. Қазақ халқы қашаннан қыздарын қадір тұтып, төрінен орын ұсынған... Ана бойындағы шексіз қуаныш пен сәби жүзіндегі риясыз күлкі үйлесім тапқан кезде, жер бетіндегі барлық тіршілік ана мен бала арасындағы кіршіксіз сүйіспеншілікке басын иіп тұрғандай сезіледі. Себебі шынайы шаттық – балаға, шынайы мейірім – анаға тән.*

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚҰТЫЛМАЙДЫ

Александр ТРИКАЧЕВ,
облыс прокурорының орынбасары, аға әділет кеңесшісі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген жазаның бұлтартпас қағидасына сәйкес, қылмыс жасаған адам жазаға тартылады немесе қылмыстық заңда көзделген өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қолданылады. Қылмыстық іске қатысы бар жандардың қылмыстық жауапкершіліктен жалтарудың түрлі айла-шарғыларын ойластырып, тіпті басқа мемлекет аумақтарын паналауға үміттеніп, елден жырақ кетуге тырысатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Алайда басын қанша жерден ала қашса да, "қолмен істегенді мойынмен көтеруіне" тура келеді. Ерте ме, кеш пе, ұсталары сөзсіз. Өйткені күдіктіні, сотталушыны немесе сотталған адамдарды іздеу заң нормаларында жан-жақты қарастырылған.

Шет мемлекетте іздестіріліп жатқан қылмыскер анықталған жағдайда халықаралық құқық нормаларына орай оған экстрадициялау үрдісі қолданылады. Экстрадициялау қылмысқа қарсы күресте мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығы негізінде өз аумағындағы қылмыскерді қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе сол адамға шығарылған шетел сотының үкімін орындау үшін оны басқа мемлекетке беру дегенді білдіреді. Ұстап беру келісімшарт немесе өзара түсіністік қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Экстрадициялау мәселелерін шешуде мемлекет тарапынан жасалған келісімдер, сондай-ақ шетелдік серіктестермен қалыптасқан байланыс маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда Қазақстан ТМД-ға қатысушы елдер шеңберінде ерекше практикалық құндылығы бар азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы және 2002 жылғы 7 қазандағы екі Конвенцияның қатысушысы болып табылады. Шетелдермен экстрадициялау туралы 20-дан астам екіжақты келісімдер жасалған, оның ішінде Түркия, Корея, Қытай, БАӘ, Иран, Испания, Италия, Болгария сияқты мемлекеттер бар. Соңғы бес жылда облыстың құқық қорғау органдары шетелдік 21 қылмыстық құқық бұзушыны анықтап, оларға қатысты экстрадициялау немесе елден шығару туралы шешім қабылдады. Жасырынып жүргендердің орналасу географиясы алуан түрлі болғанымен, негізінен көршілес Ресей мен Қырғызстанда бой тасалайды. 2018 жылы бұзақылық жасағаны үшін іздеуде жүрген бір Қазақстан азаматы Черногориядан экстрадицияланып, сот үкімімен бас бостандығынан айырылды. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғаннан кейін ол 2020 жылы тағы да көрші мемлекеттің аумағына жасырынбақ болған. Бірақ тез арада экстрадицияланды. Мемлекеттер арасында келісімшарттың болуына қарамастан, адамдарды ұстап беру, қылмысты деп тану, жаза түрі, ескіру мерзімі адамның азаматтығы және басқа да мән-жайлар негізінде жүзеге асырылады. Нәсіліне, дініне, ұлтына немесе саяси көзқарасына қарай құдалауға жол берілмейді.Бір ескерте кететіні, егер басқа мемлекет іздеуде жүрген қылмыскерді сол елдің азаматтығын алғаны үшін экстрадициялаудан бас тартса, қылмыстық құдалау тоқтатылмайды. Халықаралық талапта және өзара түсіністік қағидатында шетелдік азаматқа қатысты қылмыстық іс Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 596-бабының тәртібімен ол жасырынып жүрген азаматтығы бар мемлекетке беріледі. 2018-2023 жылдар аралығында қылмыстық құдалауды жалғастыру үшін шет мемлекеттерге 4 қылмыстық іс жіберілді, оның ішінде 2 іс бойынша адамдар кінәлі деп танылды. Тергеуден немесе соттан жасырынған адамдарға қатысты келтірілген мәліметтер жазаның бұлтартпастығы принципінің нақты мысалы болады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мынадай мемлекеттік қызметтер көрсетілетіндігі туралы хабардар етеді:

1) «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу», өтініштерді қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» ҮЕАҚ және «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

2) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау», өтініштерді қабылдау кенттің, ауыл, ауылдық округ әкімі, Мансап орталығы арқылы жүзеге асырылады;

3) «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау», өтініштерді қабылдау Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

4) «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация және Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы жүзеге асырылады;

5) «Ақталған адамға куәлік беру», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады;

6) «Мүгедек адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкімет» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

7) «Мүгедек адамдарды техникалық-көмекші және (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкімет» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

8) «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедек адамдардың жеке көмекшісінің қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

9) «Есту қабілеті нашар мүгедектігі бар адамдарды адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «Электрондық үкімет» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

10) «Мүгедек адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкімет» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

11) «Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды санаториялық-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкімет» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

12) «Үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

13) «Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

14) «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат беру» «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

15) «Тұрғын үй көмегін тағайындау» өтініштерді қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

16) «Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу» «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы», «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қосымша кеңесті «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен мына мекенжай бойынша алуға болады: Қазақстан Конституциясы көшесі, 203, немесе 4-13-86; 2-16-73 телефондары бойынша, сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы мәліметтер «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің www.ozsp-tsh@sqo.gov.kz сайтында орналастырылған.

Жұмыспен қамту бөлімі
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ – ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ РУХАНИ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Конституцияның бірінші бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде санайды, мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Осы тұрғыда Қазақстандағы зайырлылық мемлекеттің конституциялық-құқықтық сипаттамасы болып табылады, ол билікті діннен алшақ ұстауы және олардың қызмет ету салаларын шектеуді бекітуімен анықталады.

2012 жылғы желтоқсанда Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы ұсынылды. Онда Қазақстанның зайырлы мемлекет екені анық жазылған. Мемлекет азаматтарға сенім мен ар-ождан бостандығын қамтамасыз етеді,алайда сонымен бірге біздің дәстүрлеріміз бен заңнамаларымызға қайшы келетін кез келген нормаларды қоғамға таңу әрекеттеріне табанды түрде қарсы тұруға ниетті. Мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастардың басты сипаты – Қазақстанда ешқандай ресми немесе міндеттелген діннің болмауы. Бұл ,шын мәнінде ,біздің елімізде ар-ождан және діни сенім бостандығын мойындап, қамтамасыз ететіндігін білдіреді, сондықтан біздің еліміздің азаматтары өз дінін өз бетінше және ешбір мәжбүрлеусіз таңдап алуына немесе белгілі бір дінге мүлде қосылмауына және діни мекемелерге жүгінбей өмір сүруге құқылы. Біздің ойымызша, мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырудың дәл осындай тәсілі қазіргі көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстанның үйлесімді дамуына, елдегі мәдени-идеологиялық әртүрлілік пен плюрализм үшін жағдай жасау мақсатына барынша толық жауап бере алады. Қазақстан мемлекет ретінде елде жалпы қабылданған Конституция мен заңдар негізінде қызмет етеді. Осыған сәйкес, еліміздегі діни институттар мен діни бірлестіктердің қабылдаған ережелері . актілері құқықтың қайнар көзі болып табылмайды және мемлекеттік органдардың тікелей қызметіне ешқандай әсер етпейді. Қазақстандық заңнама ешбір діни нормалармен байланысты емес және олармен анықталмаған, бірақ олардың жалпыға бірдей және гуманистік бағыты ескерілген. Біз ешқандай діни соттардың юрисдикциясын мойындамаймыз. Зайырлылық- бұл тұрғыда Қазақстандағы құқықтық мемлекет құрылысы мен қызмет етуінің іргелі принциптерінің бірі екені даусыз, барлық мемлекеттік-конфессиялық қатынастар зайырлы құқық негізінде құрылған. Ел конституциясы әрбір адамға ар-ождан және дін бостандығына кепілдік береді, сондай-ақ діни белгілері бойынша кемсітудің кез келген түріне тыйым салады. Сонымен қатар, мемлекет дінді ұстанатын азаматтар мен дінсіздер арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен сыйластық қарым-қатынастарын орнатуға жәрдемдеседі. Бұл жерде 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының преамбуласында Қазақстанның ханафилік бағыты және православиелік христиандықтың дамуындағы тарихи рөлін мойындайтынын атап өту маңызды, басқа діндегі халықтың мәдениеті мен рухани өміріне құрметпен қарайды, Қазақстан халқының рухани мұрасымен ұштасатын басқа діндерді құрметтейді. Бұл ереже осы конфессиялардың ел үшін мәдени маңыздылығын ғана атап көрсетеді және діни бірлестіктердің теңдігін бұзбайды, өйткені заң оларға ешқандай құқықтық немесе қаржылық артықшылықтар бермейді. Мемлекет ислам мен православие, сондай-ақ басқа конфессияларға бірдей төзімді.Қазақстанда мемлекеттік білім беру мен тәрбиелеу жүйесі де таза зайырлы сипатқа ие және діни білім беру жүйесінен үзілді-кесілді бөлінгенін атап өткен жөн. Зайырлылық бұл жағдайда мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында жастар арасында дінге деген сол немесе басқа көзқарасты қалыптастыруға тыйым салынғанын білдіреді. Бұл құқық тек заң талаптары шеңберінде діни оқу орындарын аша алатын республикалық немесе облыстық мәртебесі бар діни бірлестіктерге ғана беріледі. Қазіргі уақытта бүкіл ел бойынша мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында «Дінтану негіздері» және «Дінтану» пәндері бар. 2009 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныптарында «Дінтану негіздері» арнайы элективті курсы оқытылады. 2016 жылдан бастап «Зайырлылық және дінтану негіздері» таңдау пәні ретінде оқытылады. Бұл курстарды енгізу жастармен діни мәселелер бойынша тең дәрежеде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға және олардың білімі мен деструктивті діни ағымды идеологияға қарсы иммунитетін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Бұл курстарды оқыту жастар арасында қалыптасқан діни нанымдар мен мемлекеттің зайырлылық қағидаттары туралы ғылыми білімді дамытуға бағытталған, бірақ бұл ешбір жағдайда қандай да бір дінді насихаттауды немесе оқытуды білдірмейді. Қазақстан азаматтарының өмірі мен денсаулығын сақтау мәселесі заң бойынша мемлекет үшін бірінші орында, сондықтан Қазақстандағы зайырлылық мәселесі де мемлекеттің азаматтарға олардың діни сеніміне , нанымдарына қарамастан кешенді медициналық көмек көрсету талабымен байланысты. Сонымен қатар, кейбір ата-аналар өздерінің діни сенімдеріне орай медицина ғылымының жетістіктерін жоққа шығарып немесе қауіпті вирус жайлы толық хабардар болмай, балаларын өлімге әкелетін вирустарға қарсы екпеден бас тартып отырғаны белгілі жайт. Бұл ретте мемлекеттің міндеті – Қазақстандағы екпе мәселесі мешіттердің, православие шіркеуінің немесе басқа да діни бірлестіктердің құзыретіне кірмейтінін азаматтардың назарына жеткізу. Бұл - парасаттылық пен мемлекетіміздің зайырлы сипатына сүйене отырып шешілуі тиіс әлеуметтік мәселе. Жаппай екпе егу -өркениетті әлемнің жетістігі, өз азаматтарының денсаулығын ойлайтын дамыған елдердің табысы болып табылатын жаппай екпенің тиімділігін, қауіпсіздігін және заңдылығын ғылым әлдеқашан дәлелдеп келеді. Дәстүрлі діндер аурудың алдын алуға тыйым салмайды немесе шектемейді, керісінше, адамның денсаулығына мұқият назар аударуға шақырады. Атап айтқанда, Ислам елдерінде Сауд Арабиясына қажылықты ұйымдастыру немесе Египет, БАӘ, Иордания және басқа елдердің жоғары оқу орындарына оқуға түсу кезінде вакцинация кеңінен қолданылады.

Қазақстандағы зайырлылықтың тағы бір маңызды құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттік және құқық қорғау органдарында, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде, сондай-ақ әскери бөлімдерінде діни ұйымдардың қызметіне, діни жоралғылар мен діни рәсімдерге тыйым салынуы көзделген. Бұл ретте мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері мемлекеттік мекемелердің үй-жайларынан тыс жерлерде өтетін діни рәсімдерге қатыса алады және діни сенім бостандығына толық құқықтардын пайдалана алады.

Біздің елімізде діни бірлестіктер саяси қызметтің субъектісі болып табылмайды және тиісінше мемлекеттік басқару мен мемлекеттік органдарды құруға қатыспайды. Дін қайраткерлері қоғамның саяси өміріне ел азаматы ретінде жеке-дара ғана қатысады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасында мемлекетке қарсы, жаулық қызметі мен мақсаттары бар діни партиялар мен діни бірлестіктердің әрекеттеріне, мемлекетте бір діннің үстемдігін орнатуға, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруға бағыттағандарға , соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырулармен және басқа да заңсыз әрекеттерге баратын діни ұйымдарға тыйым салынғаны анық көрсетілген . Бұл тұрғыда зайырлылық принципі мемлекеттің қоғамдық-саяси билікті ұйымдастырудың негізгі нысаны ретіндегі рөлін сақтай отырып, мемлекет пен діни бірлестіктердің ықпал ету салаларын шектеуге ықпал етеді.

Зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан кез келген жеке тұлғаның , мемлекеттің және діни ұйымдардың қоғам өмірінің әр түрлі салаларында мүдделерінің тепе-теңдікке қол жеткізуіне ұмтылады. Осыған байланысты зайырлы басқару формасы бар мемлекеттің дінге сенушілер мен діни бірлестіктердің қызметіне олар заңды бұзған немесе азаматтардың, ұйымдардың және жалпы қоғамның заңды мүдделеріне зиян келтірген жағдайда жауап қайтару құқығы өзгермейді. Демек, діни сенім бостандығы құқығын жүзеге асыру азаматтардың мемлекет алдындағы жалпыадамзаттық құқықтары мен міндеттерін шектемеуге тиіс. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ешкімнің де діни себептер бойынша азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартуға құқығы жоқ. Атап айтқанда, діни бірлестіктер адамның құқықтары мен бостандықтарын бұза алмайтынын, оның ішінде адамдарды дінге кіруге, ажырасуға немесе отбасылық, туыстық қатынастарды тоқтатуға, адамдардың денсаулығына зиян келтіруге және олардың мүлкін иеліктен шығаруға, имандылыққа нұқсан келтіруге, сондай-ақ азаматарды елдің Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерді орындаудан бас тартуға шақыруға болмайтынын білу маңызды. Сонымен қатар, зайырлылық принципі мемлекетті діни догмалардан бөлуді болжайтынына қарамастан, бұл діни бірлестіктер мен діндарларды қоғамдық өмірден шеттету дегенді білдірмейді. Зайырлылық сонымен қатар атеизмге берілу және діндарлықпен күресу дегенді білдірмейді. Мемлекет діндарларды өзінің толыққанды азаматтары, ал діни бірлестіктер мен діндарларды қоғамдық пайдалы қызметтің (қайырымдылық, мәдени-ағарту, гуманитарлық) маңызды қатысушылары ретінде қарастырады және олармен ынтымақтастық жасайды. Сонымен қатар, мемлекет діни бірлестіктерді әлеуметтік мәселелерді шешуге: маскүнемдік пен нашақорлыққа, құқық бұзушылықтың алдын алуға, салауатты өмір салтын насихаттауға, отбасын нығайтуға, жоғары рухани-адамгершілік ахуал мен қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты тұрақтадыруға жағдай жасау үшін ұмтылдырады.Мемлекет діни бірлестіктерді тікелей қаржыландырмай, оларға мәдени-тарихи құндылығы бар діни ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңғырту мен жөндеуге жәрдем көрсетеді. Мемлекет қоғамдағы келісімді, өзара түсіністікті, толеранттылық пен өзара сыйластықты сақтау мәселелері бойынша елдің діни бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасайды. Діни бірлестіктер Қазақстан халқының рухани құндылықтарын ілгерілетуге және дамытуға бағытталған әлеуметтік маңызды іс-шараларды өткізуге қатысады. Соңғы уақытта діни экстремизм көріністерінің алдын алу мақсатында халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде ынтымақтастық күшейді. Бұл ретте мемлекеттік органдар үйлесімді, толерантты, прогресске бағдарланған қазақстандық қоғам құруда мемлекетті қолдайтын барлық конфессиялармен сындарлы қарым-қатынастар орнатуда. Қазақстанның болашағы - рухани және діни құндылықтары мемлекеттің барлық саласының дамуына, тұтастай алғанда елдің өркендеуіне ықпал ететін және кедергі жасамайтын зайырлы мемлекетте. Бұл - прогреске, білім алуға және өзін-өзі дамытуды көздеген , адам құқықтарын құрметтеуді және елдің демократиялық болашағын болжайтын зайырлылық.

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы
әкімінің саясат бөлімі» КММ.

“ЦИФРЛЫҚ ПОЛИЦИЯ” ЖОБАСЫНЫҢ АЯСЫНДА

Қоғамдық тәртіпті сақтап, ел тыныштығын күзетуде тәртіп сақшыларының алар орны зор. Жуырда елордада өткен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген отырысыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: “Тәртіп сақшыларының қызметі оңай емес. Бұл белгілі. Күні-түні жұмыс істейтін кездер жиі болады. Қауіп-қатер де бар. Тәулік бойы, яғни, 24 сағат бойы сақадай сай болу үшін ерекше қажыр-қайрат пен төзімділік қажет. Себебі қиын жағдайға тап болған жандар, ең алдымен, полициядан көмек күтеді. Азаматтарымыз сіздерге мемлекеттің, яғни, биліктің өкілі ретінде қарайды. Қауіп-қатерден қорғайды деп сенеді. Сондықтан сіздерге әрдайым орасан зор жауапкершілік жүктеледі”, – деген болатын.

Президентіміз халыққа арнаған “Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары” атты Жолдауында айқындап берген бағыттар бойынша өңірімізде бірқатар жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда полицияның сервистік моделін қалыптастыру үшін тәртіп сақшылары мен тұрғындар арасындағы байланыс нығайып келеді. Біз өз жұмысымызда қағазбастылықтан арылып, адамдардың қажеттілігіне сай оңтайлы әрекет етуге тырысамыз. Құқық бұзушылықты азайту үшін қылмыстың салдарымен емес, себептерімен күресуге басымдық берудеміз. Бұл ретте қоғаммен тығыз қарым-қатынас орнатып, халықтың сеніміне ие болу маңызды. Біз бұл бағыттағы өзгерістерді ішкі үрдістерді жаңартудан бастадық. Жыл бойы полиция қызметінің мәртебесін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде ұжымдағы ахуал жақсарып, қызметкерлердің жұмыстан кету көрсеткіші азайды. Полиция жұмысының материалдық-техникалық жабдықталуы да басты назарда. Күнделікті жұмыс барысында автоматтандырылған, цифрлық жүйелер қолданысқа енгізілуде. Мектептерді кезекші бөлімшелерге жалғау, “SOS” жедел қоңырауы, құқық бұзушылықтарды мобильді телефондар арқылы тіркеу жобалары жүзеге асты. Бүгінде “Цифрлық полиция” жобасының аясында барлық патрульдік және учаскелік инспекторлар планшет және видеожетондармен қамтамасыз етілген. Бұл қызметкерлердің жұмысын бақылау үшін де, құқық бұзушылықтарға дәлел жинау үшін де тиімді. Біз тұрғындардың сырттағы қауіпсіздігіне де ерекше мән береміз. Бұл бағытта соңғы екі жылда облыс орталығында 6 модульді полиция бекеті орнатылды. Бекеттердің көпшілігі тұрғындар жиі баратын және шеткері аудандарда орналастырылды. Енді кез келген азамат тәулік бойы жұмыс істейтін полиция бекетінен көмек немесе кеңес ала алады. Ал ауылдық жерлерде 2021 жылдан бері 8 учаскелік пункт ашылды. Адам көп жүретін қоғамдық орындарға 11 “SOS” тетіктері қойылған. Қондырғылар видеокамера, микрофондармен жабдықталған. Жедел басқару орталығына жалғанған 9 мың камераның арқасында өткен жылы 618 қылмыс пен 18 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Алдағы уақытта камералардың орналасу жиілігін арттыру жоспарда бар. Қабылданған шаралардың бәрі өткен жылы құқық бұзушылық санын 18 пайызға азайтуға мүмкіндік берді. Қылмыстарды ашуда да өсім бар. Қоғамдық орында қылмыс жасау – 13,6, көшедегі қылмыс – 12,9, мас күйде құқық бұзу – 19, отбасындағы тұрмыстық құқық бұзушылық – 11,3 пайызға азайды. Нашақорлықпен күрес – біздің жұмысымыздың негізгі бағыттарының бірі. Өткен жылы осы бағытта 854 іс-шара өткізілді. Тұрғындарды құлақтандыру үшін жарнамалық баннерлерге ақпараттық материалдар орналастырылды. Өткен жылы есірткіге қатысты 281 құқық бұзушылық тіркелді. Шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі – ішімдікке салыну. Ондайға бейім адамдардың жиі тәртіпсіздік жасап, тыныштық бұзатыны белгілі. Статистикаға сүйенсек, қылмыстардың төрттен бірін адамдар мас күйде жасаған. 2023 жылы алкоголизмнен мәжбүрлеп емделуге 219 адам жіберілді. Оның 120-сы қайта емделуге жіберілген адамдар. Заңсыз айналымнан 12 мың литр алкоголь тәркіленді. Спирттік ішімдіктерді заңсыз сатудың 293 дерегі анықталып, 559 адам есепке қойылды. Алкогольге қатысты заңнаманы бұзғаны үшін 10 мыңнан астам хаттама толтырылды. Ауылдық елді мекендердің ерікті түрде ішімдіктен бас тарту тәжірибесінің ауқымы кеңеюде. Бүгінде облыста ішімдікті сату, тұтынудан бас тартқан 5 ауыл бар. Олар: Тайынша ауданындағы Теңдік, Айыртау ауданындағы Қарасай батыр, Бірлестік, Есіл ауданындағы Қарағай, Ғабит Мүсірепов атындағы аудандағы Ковыльное елді мекендері.Жолдағы жолаушылардың қауіпсіздігі де тәртіп сақшыларын алаңдатады. Жол-көлік апаттарына жүргізілген талдау нәтижесінде жолдарды автоматтандырылған бақылауға басымдық беріп отырмыз. 2022 жылдан бері “Қауіпсіз қала” бағдарламасының аясында құқық бұзушылықтарды автоматты түрде тіркейтін 28 қондырғы орнатылды. Өткен жылы құрылғылар 91 мың жол ережесін бұзу дерегін тіркеді. Бұл ретте айыппұл салудың мақсат емес, профилактика құралы екенін айта кеткен жөн. Қала сыртындағы жолдардағы көлік қозғалысын бақылау үшін “Кибершериф” кешендері іске қосылды. Патрульдік полиция машинасына орнатылған құрылғылар ереже бұзушылықты тіркеп, хаттама толтырады. Бұл ретте полиция мен ереже бұзушының арасында ешқандай байланыс болмайды. Биыл жолдарда 28, жаяу жүргіншілер өтетін жерлерде 3 бағдарламалық кешен орнату жоспарланған. Сол сияқты криминалды автокөлікті, сақтандырусыз, жол жүру куәлігінсіз жүргендерді анықтайтын “Мегакам Қорғау” жүйесінің де берері мол. Жеке құрамның ішіндегі тәртіп пен заңды сақтау да назардан тыс қалған емес. Жемқорлыққа жол бермеу үшін жұмыс барысы басқаша ұйымдастырыла бастады. Бүгінде жемқорлық тәуекелі жоғары барлық бөлім қызметкерлері видеотіркегіштермен жұмыс істейді. Видеожетондарға түсірілген материалдар ұзақ уақыт сақталады. Полицейлер көрсететін 34 қызметтің 30-ы электронды форматқа ауыстырылған. Бұл уақытты үнемдеп, жемқорлыққа тосқауыл қояды. Полиция департаменті үнемі өзін қолжетімді әрі ашық водомство ретінде танытып келеді. Ол үшін біз полицияның оң имиджін қалыптастыру жұмысын жүргізудеміз. Жыл сайын барлық басшылар азаматтарды қабылдап, есептік кездесулер өткізеді. Ұлттық статистика бюросының дерегіне сүйенсек, өңір халқының 9 пайызы полиция жұмысына сенім білдірген. Полиция тәртіпті сақтау, қылмысты ашу, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында ауқымды істер атқаруда. Тергеушілер, учаскелік, патрульдік инспекторлар қоғам қауіпсіздігі үшін тәулік бойы қас қақпай қызмет етеді.

Биылдан бастап біз 2028 жылға дейін шақталған “Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен серіктестікте қамтамасыз ету” концепциясын жүзеге асыруды бастадық. Оның басты принциптерінің бірі – құқық бұзушылықтың алдын алудағы қоғам белседілігін арттыру. Сондықтан да азаматтарды барлық іске белсенді араласуға шақырамын.

Айдын ҚАБДҰЛДИНОВ,
облыстық полиция департаментінің бастығы.

ІСТІ ДАУСЫЗ ШЕШУ

Қазіргі әлемде жанжалды жағдайлар, өкінішке орай жиі кездеседі, сонымен бірге олар көбінесе қорлайтын сөздер мен әрекеттермен бірге жүреді. Біздің елімізде жеке тұлғаны қорлау қылмыстық жазаланатын әрекет болып табылады (ҚР ҚК 131-бабы). Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту. Бұл қоғамда белгіленген мінез-құлық пен қарым-қатынас ережелеріне қайшы келетін адамның физикалық, психикалық және басқа да қасиеттері туралы дөрекілікті және дөрекі сөздерді білдіреді.

Қорлау 100 АЕК-ке (369 200 теңгеге дейін) дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 120 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады . Егер адамды көпшілік алдында немесе БАҚ пайдалана отырып қорлаған болса, онда мұндай әрекет үшін 200 АЕК-ке дейін (738 400 теңгеге дейін) айыппұл, сол мөлшерде түзеу жұмыстары не 180 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады. Қорлауға ұшыраған адам қорғау үшін жеке айыптау тәртібімен шағыммен сотқа жүгінуге құқылы. Шағымда ол берілген соттың атауы; қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының сипаттамасы; дәлелдемелерді көрсете отырып, оның жасалған орны мен уақыты, істі іс жүргізуге қабылдау туралы сотқа өтініш; қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адам туралы мәліметтер, сотқа шақырылуы қажет куәлардың тізімі көрсетіледі. Өндіріске анонимді шағымдар қабылданбайды. Егер жоғарыда көрсетілген талаптар орындалмаса, онда сот өз қаулысымен оны сәйкестендіруді ұсынады және ол үшін мерзім белгілейді. Нұсқау орындалмаған жағдайда шағымды іс жүргізуге қабылдаудан бас тартылады. Шағым қабылданғаннан кейін қорланған адам жеке айыптаушы, ал шағым берілген адам сотталушы болып табылады. Жеке айыптау істері бойынша прокурор сот отырысына қатыспайды. Заңмен сотталушының кінәсін дәлелдеу міндеті жеке айыптаушыға жүктелген. Сот талқылауы барысында жеке айыптаушы сотқа шағымда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтың мән – жайларын растайтын заттай құжаттарды (аудио, бейнежазба, хат алмасудың скриншоты және т.б.) және куәгерлерді ұсынуға тиіс. Жеке айыптаушы, сотталушы филологиялық сараптама тағайындау туралы өтінішхат беруге құқылы. Сараптама соттың бастамасы бойынша да тағайындалады. Мәлімдемеге баға берілген сарапшының қорытындысы осы санаттағы істер бойынша негізгі дәлелдердің бірі болып табылады. Сот айыптау немесе ақтау үкімін шығарады; жария немесе жиі жария тәртіппен құдаланатын қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтаған кезде істі сотқа дейінгі тергеп – тексеру жүргізу туралы мәселені шешу үшін тиісті прокурорға жолдайды. Жеке айыптау істері бойынша сот ісін жүргізудің бір ерекшелігі – жәбірленушінің шағым берілген адаммен татуласу мүмкіндігі. Кез-келген келіспеушіліктерде ұстамды және сабырлы болу қажет, әдепсіз сөздерге жол бермеу керек.

Гүлдана ЕЛЕМЕСОВА,
Тайынша аудандық сотының бас маманы.

***КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!**

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Көктемгі су тасқынын қатаң ескертеміз! Қарлы қыстан кейінгі басталған көктемгі климаттық өзгерістерге байланысты біздің ауданымыздың елді мекендері аумақтарының су астында қалу қаупі бар. Қар күрт еріген кезде бірнеше елді мекендер су астында қалуы мүмкін, әсіресе төменде орналасқан жер үйлерді су алуы қаупі басым. Мүліктің бұзылуының алдын алу, қайғылы оқиғаларды болдырмау мақсатында тұрғындар келесі шараларды қолдануы керек:

- Мессенжерлардағы хабарламаларды бақылап отыру;
- Тұратын жерінің су алатын шекараларын анықтау;
- Үй жанын қардан, қоқыстан тазарту, мүмкіндігінше қарды елді мекен сыртына шығаруды ұйымдастыру;
- Үй жанында орналасқан су өткізетін құбырларды тазарту;
- Аулада су ағатын арықтар жасау;
- Су өткізетін құбырлардың бастарын тазарту, жауын ағатын құбырларды тазалау;
- Үйдің аумағын су көшкінінен қорғайтын қолда бар материал дайындау (қап, топырақ, құм);
- Үй қоршауда қалған жағдайда қажет болатын ең керек деген заттарды дайындау;
- Алдын ала үй жануарларын қайда жіберетінін ойластырып қою;
- Үй заттарын, жертөледегі тағамдарды барынша жоғары жерге ауыстыру;
- Аулада мейілінше шаруашылық заттарын аз қалдыру, сумен ағып кетуі мүмкін;
- Жанар-жағар май құйылған ыдыстарды жақсылап жауып, ашылып кетпеуін тексеру;
- Су сорғыш, шелек, күректерді дайындап қою;

Көктемгі су тасқыны балалар үшін аса қауіпті. Ата-аналар мен үлкендердің қарауынсыз қалған балалар, жағалауда ойнауы, мұздарда сырғанауы жиі орын алады. Бұл жағдайлар қайғылы аяқталуы мүмкін. Әсіресе көктемде балалар ойнайтын жерлерді қатаң бақылау керек. Су алу қауіпі төнген жағдайда қауіпсіздік шараларын қатаң сақтайық! Ауа райының құбылып, толассыз қардың жаууы, сондай-ақ, тұрақсыз мұзды құбылыстардың әсерінен су деңгейі біршама көтеріледі. Дегенмен, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі тарапынан бұл жағдай қатаң бақылауда. Тұрғылықты жерлердегі су тасқыны қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көбінесе, оның алдын алу шараларына байланысты болады. Егер сіз өзіңізді жекелеген қаупсіздік шараларымен қамтамасыз еткіңіз келсе:

• Су басу белгілерін байқаған жағдайда жас балалар мен қарт кісілерді тез арада қауіпсіз жерлерге шығару;
• Үйдегі газ, электр көздерін және суды өшіру; жанып тұрған пешті сөндіру;

Көктемгі су тасқыны кезінде мыналарға тыйым салынады:

- Өзен, көлге шығуға;
- Мұз кететін кезде өзен арқылы өтуге;
- Мұзға жақындауға;
- Құлап кету мүмкіндігі бар жағалауларда тұруға;
- Көпірше, бөгеттерде жиналуға;
- Өзеннің тереңдігін өлшеуге;
- Мұзда жүруге және сырғанауға.

Қайрат ТЕМІРБЕКОВ, төтенше жағдайлар бойынша бас маман.

«ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» ОРЫНБАЙ ШАЙХАНҰЛЫ ӨМІРДЕН ОЗДЫ...

Тайынша ауданының халқы ардақты азаматымен қоштасты. Екі мәрте «Еңбек қызыл Ту» ордені «Құрмет» ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Тайынша ауданының Құрметті азаматы», өнегелі өмір иесі, абыз қария - Әлжан Орынбай Шайханұлы бақилық сапарға аттанды.

Орынбай Шайханұлы 1938 жылы дүниеге келді. 1956 жылы орта мектепті аяқтағаннан кейін, еңбек жолын Ортақ ауылында бастаған. Целиноград ауылшаруашылығы институтының түлегі бар саналы ғұмырын ауылшаруашылығы саласына арнады. 1965 жылы бөлімше агрономы, 1968 жылы бөлімше меңгерушісі, 1973 жылдан «Тернов» кеңшарының бас агрономы, 1976 жылдың мамыр айынан Красноармеец аудандық мал бордақылау шаруашылығының директоры болып тағайындалды. 1998 жылы «Қаратомар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрды. Еңбек жолында мемлекет тарапынан талай марапаттарға ие болған еңбек ардагері жастар тәрбиесіне де асқан жауапкершілікпен қарады. Әсіресе, ауылдағы жас жеткіншектерге үнемі ақылын айтып,олардың діни сауаттылықтарын арттыруға да зор үлес қосты. Өзі өмірінің соңғы күніне дейін өмір сүрген Теңдік ауылында зәулім мешіт тұрғызды.

Тағылымды тағдыр иесі ауылдағы ардагерлер кеңесінің төңірегінде бекем бірлік пен тату тірлікті қамтамасыз етті, аға буын өкілдеріне құрмет көрсету, жастарға дұрыс тәлім-тәрбие мен бағыт-бағдар беру бағытындағы жұмыстардың барлығының басы-қасынан табылып, жергілікті атқарушы билікке де көп қолдау көрсетті. Өмірлік мол тәжірибесі, ағалық ақыл-кеңесі жергілікті әкімдіктердің жұмысының алға жылжуына тікелей әсер етті десек, ол – шындық. Құрметті қария өзінің ақыл-парасатымен, білімімен, қайраткерлік қарым-қабілетімен абырой биігіне көтерілді. Жұртшылыққа ақ батасын арнап, қадірлі қария, ақылшы аға атанды.

Сөз бастаса шешен, іс бастаса көсем, өмір жолы өнегеге толы тұлға ел Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Тайынша ауданы өңірінің, оның ішінде Теңдік ауылының өсіп-өркендеуіне айрықша үлес қосты. Ғұмыры ғибаратқа толы Орынбай Шайханұлының жүріп өткен жолы, атқарған қызметтері, қажырлы еңбектері, өмірлік ұстанымдары, тіпті сөз саптауына дейін тұнып тұрған ғанибет, шежіре еді. Есімі Тайынша жұртшылығына белгілі ақсақал қайраткер-тұлға, ел ағасы, абыз ақсақал атанды.

Артына өшпес із қалдырған Әлжан Орынбай Шайханұлының жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Отбасы, ағайын-туыстарының, ұрпақтарының орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Орынбай Шайханұлының асыл бейнесі, елі үшін атқарған еңбегі мәңгілікке есімізде қалады.

Аудан әкімі Б. А. Әлжанов, аудан әкімінің орынбасарлары Е. Е. Дюсембин, Г. Қ. Бәтенова, А. Сабуров, аудан әкімі аппаратының басшысы Б. Б. Абулғазинова, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы С. М. Бекшенов, Тайынша қаласының әкімі В. А. Шпаковский, «AMANAT» партиясы Тайынша аудандық филиалының төрағасы М. Ж. Хамзин, «Тайынша таңы» газетінің бас редакторы Г. Ж. Нұралина.

“ОРАЗА – САБЫРДЫҢ, САБЫР БОЛСА – ИМАННЫҢ ЖАРТЫСЫ”

Қазақ халқы ежелден Рамазанды ерекше қастерлеп: “Он екі айдың сұлтаны”, – деп атаған. Берекесі мол айда ағайын-туыстар, көрші-қолаң бір-біріне жарапазан жырын айтып, оразаның келгенін қуанышпен жеткізіп, насихаттаған. Ал ауызашар дастарқаны рухани сұхбаттың, бата мен ізгі тілектің қайнары болған. Ауыз бекіткен адамды айрықша қадірлеп, оған ауызашар беру – бағыдан келе жатқан салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шариғат және пәтуа бөлімі Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан т.б. елдердің ғұламалар кеңесімен, пәтуа саласына жауапты ғалымдармен ақылдаса келе, биылғы Рамазан айының басталатын күнін бекітті. Ортақ пәтуаға сәйкес, қасиетті Рамазан айы 11 наурызда басталады. Ал сәуір айының 5-нен 6-на қараған түн – қасиетті Қадір түні. 10 сәуір – Ораза айт мерекесі болып келісілді. Рамазан – рақым айы. Алла Елшісі: “Кімде-кім Рамазан айында шынайы сеніммен, сауабын бір Алладан үміт етіп, ораза ұстаса, бұрын-соңды жасаған күнәлары түгелдей кешіріледі”, – деген. Қасиетті айдың құрметі үшін бір-бірін кешіріп, мейірімділік жолын ұстанған пенделер сауапқа кенеледі. Өзгеге мейірім көрсеткен адамды Алла тағала мейіріміне бөлейді. Кешіргенге кешірім жасалады. Ата-бабаларымыз Рамазанды жақсылық айына балаған. Оразада әрбір жақсы амалдың сауабы еселеніп жазылады. Ғұламалардан жеткен хадис-шарифте айтылғандай, “Адам баласының барлық игі істерінің сауабы артады. Әрбір жақсылыққа он еседен жеті жүз есеге дейін сауап жазылады”. Кішкентай сәбиі бар, денсаулығы жарамайтын, кәрілік жеткен қарттарымыз ауыз бекіткен кісілерге ауызашар берсе, ол да – абзал амалдың бірі.

Біз он екі айдың сұлтанында мінезімізді барынша көркем етуге тырысқанымыз абзал. Өйткені, Рамазан – тәрбие айы. Ауыз бекіткен адам тілін жаман сөзден тежейді. Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): “Кім болса да ораза ұстаған күні жаман сөз айтпасын әрі ешкімге дауыс көтермесін…”, – деп өсиет еткен. Расында, Алла тағала үшін тілін өтірік пен ғайбат сөзден тыймаған пендесінің ұстаған оразасы қажет емес. Бұл айда адам баласын тура жол мен бақытқа бастайтын, ақиқат пен жалғанның аражігін ажырататын Құран аяттары түсе бастады. Ораза кезінде Құранды кемінде бір рет толық оқудың, мән-мағынасын көңілге тоқудың сауабы айрықша. Қасиетті Құран Кәрімнің “Рағыд” сүресінің 11-аятында: “Қайбір қауым өзін-өзі өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді”, – деп баяндалған. Яғни ауыз бекіткен әр адам тұла бойын ізгілікке толтыруға асыққаны дұрыс. Өзін жақсы жаққа өзгертуге тырысқан пенде Жаратқанның жарылқауына кенеледі.

Негізі ораза ұстаудың рухани ғәм денсаулыққа пайдасы өте көп. Оны әлем ғалымдары мен дәрігерлері де айтып жүр. Рухани пайдаларының бірі – адам баласын сабырлыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Өйткені пенде күнін Алла Тағалаға иман еткен күйде аштықпен, шөліркеумен өткізеді. Пенде адамның ашуын тудыратын қандай да бір келеңсіз жайттарға тап болса, “Мен оразамын” деп сабырға келеді. Жалпы мұсылман қоғамында осы Рамазан айында қылмыс азаятыны белгілі. Өйткені Алланың мұсылман пенделері өзін және өзгелерді жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыяды. Нәпсісін тізгіндейді, мейірімді, кешірімді болады. Құран Кәрімде Алла Тағала: “Олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер. Алла Тағала жақсылық етушілерді сүйеді”, – деп бұйырған. Қазақтың атақты жырауы Асан қайғы бабамыз кешірім жайында бір жырында: …Ерегісіп, ұрыспа. Сенікі жөн болса, Атың шықпас дұрысқа. Атаңның құны болса да, Алдыңа келіп қалған соң, Қол қусырып барған соң, Аса кеш те қоя бер, Бұрынғыны қуыспа, – деп қандай керемет айтқан десеңші! Алла Елшісі бір хадисінде: “Рамазанның басы – рақмет, ортасы – кешірім, соңы – тозақ отынан құтылу”, – деген екен. Ал Алла Тағала пендесін бар күнәсына қарамастан осылай кешіріп тұрса, онда құлға жарасқаны өзге адамдарды да кешіре білу емес пе?! Ғұламалардан “Ораза – қалқан. Пенде ораза ұстаумен тозаққа қалқан қояды” деген хадис жеткен. Осы хадистегі “қалқан” біздің сабыршыдамымыз болып табылады. Пайғамбарымыз тағы бір хадисінде: “Ораза – сабырдың, сабыр болса – иманның жартысы”, – деген. Демек, ораза иманнан туындайды. Иман тозақтан сақтайды. Мұсылман иманының қуатына қарай қылмыс пен күнәдан бойын аулақ ұстайды. Жүйкесін жұқартпайды, ашуын ақылға жеңдіре алады. Ораза ұстап аш жүрген кезде нәпсі қозбайтындықтан, адамның сабыр сақтауы көп қиындық туғызбайды. Аяқасты тап болатын түрлі қиындықтарға шыдамдылық танытуда оразаның берер пайдасы көл-көсір. Ақиқатында Рамазан – береке мен мүмкіндікке толы ай. Асыл бабаларымыз қамшының қысқа сабына балаған ғұмырды айналамызға, жақындарымызға, сүйікті Отанымызға жақсылық жасап қана өткізгеннен артық бақыт бар ма?

Өмір бекет болса, осы қысқа уақытта дүниенің қызықтарына алданбай, ақыреттік азығымызды жинайық! Бұл айда сен үшін барлық жақсылықтың есігі ашық. Алла Тағала Құранда: Бұл дүниенің тіршілігі алдамшы әрі өткінші қызықтан басқа ештеңе емес” деген. Рамазан – ерекше ай. Ол – Тәңірдің адамзатқа берген айрықша сыйы. Отыз күн жұмаққа беттелген отыз қадамдай әр күнінде береке бар. Рамазан – айлардың сұлтаны. Игі істер молаятын маусым. Қасиетті Рамазанда шын ықыласпен ораза тұту арқылы, пенде өзін Алланың қаһарынан, тозақ отынан, қабір азабынан, әзәзілдің арбауынан, екіжүзділіктен алыс болады. Бұл – жанды балқытатын, жүректі жұмсартатын, рухты азықтандыратын ай.

Рамазан айындағы сауапты амалдың бірі – пітір садақасын беру. Пітір садақасы баспанасы, жиһаздары, көлігі, құралдары мен киер киімінен бөлек артық мал-мүлкі бар кез келген мұсылманға – міндет. Пітір садақасын Рамазан айының бірінші күнінен бастап, ораза айт намазына дейін беру міндетті. Бұл шариғат талабы орындалуы шарт. Пітір садақасын пақырға, міскінге беруге болады. Пітір садақа – пенденің Рамазан айында жіберген қате-кемшіліктерінің өтеуі. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төралқа мәжілісінде пітір садақасы еліміз бойынша екі келі ұнның орташа бағасы негізінде 640 теңге болып бекітілді. Өзіңізге қажетті облыс, қала, аудан және ауылдың (барлығы 6000 елді мекен) ораза және намаз кестесін жоғары сапада pdf форматта muftyat.kz сайтынан https://www.muftyat.kz/kk/page/ ramadan сілтемесі бойынша жүктеп алуға болады.

Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының бас имамы.

Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттармен және олардың сенім білдірілген тұлғалардың Тайынша ауданында шығып қалғанның орнына сайлаушылармен кездесу кестесі (2024 жылғы 31 наурыздағы сайлауы)

№	Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттар, бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша	Кездесулер өткізу күні мен уақыты	Кездесулер өткізу орындары
	№ 8 сайлау округі		
1	Сыздыков Бақыт Серікұлы	2024 ж. 16 наурыз сағ.10.00.	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің» Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қарағаш орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы
2	Гизеева Гүлмира Олжабайқызы	2024 ж. 16 наурыз сағ.11.00.	
3	Хамзин Мереке Жақсылықұлы	2024 ж. 16 наурыз сағ.12.00.	
4	Сыздыков Бақыт Серікұлы	2024 ж. 17 наурыз сағ.10.00.	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің» Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Алабота орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы
5	Гизеева Гүлмира Олжабайқызы	2024 ж. 17 наурыз сағ.11.00.	
6	Хамзин Мереке Жақсылықұлы	2024 ж. 17 наурыз сағ.12.00.	
7	Сыздыков Бақыт Серікұлы	2024 ж. 18 наурыз сағ.10.00.	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің» Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «№ 1 Чкалов орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы
8	Гизеева Гүлмира Олжабайқызы	2024 ж. 18 наурыз сағ.11.00.	
9	Хамзин Мереке Жақсылықұлы	2024 ж. 18 наурыз сағ.12.00.	

22 наурыз күні сағат 11.00-де баршаңызды "Достық" алаңына Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шараға шақырамыз.

Мерекелік бағдарлама шеңберінде қаз-қатар тігілген киіз үйлерден құралған қалашық, қолданбалы өнер көрмесі, театрландырылған қойылым, “Алтыбақан”, сауда-саттық ұйымдастырылады.

Спорт сүйер қауымы үшін "арқан тарту","қазақша күрес", "жілік соғу", "қой көтеру", "гір көтеру", "армрестилинг" сынды ойындар болады. Сондай-ақ көпшілікке тәтті ұлттық тағамдар, хош иісті бауырсақ пен ыстық палау үлестірілетін болады.

Құрметті оқырмандар! Сіздерді келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Ежелден жаңарту мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Әз – Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын. Ақ мол, биылғы жылымыз ырысты болсын!

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: **65710**
Газет әр аптаның **жұма** күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 97. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.